

## Грузия халқына гуманитарлық көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 шілдедегі N 758 қаулысы

Грузия халқына азық-түліктік гуманитарлық көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 23598050 (жиырма үш миллион бес жүз тоқсан сегіз мың елу) теңгені астықтың құнын және гуманитарлық жүкті Тбилиси-Товарная станциясына дейін жеткізу жөніндегі шығынды өтеуге Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп Грузия халқына гуманитарлық көмек көрсету үшін 2003 жылғы егіннің 1000 (бір мың) тонна азық-түліктік бидайын мемлекеттік сатылатын ресурстардан бір тоннасын 14700 (он төрт мың жеті жүз) теңге баға бойынша тиеп, жөнелтуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп Грузияға гуманитарлық жүкті тасымалдау үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі гуманитарлық көмекті алушыны анықтасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*